Қалалық төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі комиссия отырысының кезектен тыс
ХАТТАМАСЫ

Қызылорда қаласы
әкімдігінің мәжіліс залы

№ 09-08/596

25. ақпан
23 ақпан 2026 жыл

І. Қыс-көктем кезеңдерінде су тасқынының алдын алу шараларын қамтамасыз ету туралы

(А. Нұрмағанбетов, З. Қазтоғанов, Р. Ерсұлтанұлы)

1. «Қазақстан Республикасы су ресурстары және ирригация министрлігі Су ресурстарын реттеу, қорғау және пайдалану комитетінің Су ресурстарын қорғау және пайдалануды реттеу жөніндегі Арал-Сырдария бассейндік су инспекциясы» РМК-ның басшысы З. Қазтоғановтың су тасқынының алдын алу және азаматтардың өмірін, қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында Қызылорда су торабынан С. Бейбарыс көшесі бойындағы автомобиль көпіріне дейінгі Сырдария өзенінің сол жағалау беткейіндегі қорғаныс бөгеттерінің әлсіздігіне байланысты қауіпсіздік шараларын қабылдау үшін жедел түрде бекіту жұмыстарын жүргізу туралы хабарламасы қаперге алынсын.

2. **Қалалық тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі** *(Д. Бақтияров)* қолданыстағы заңнамаларға сәйкес «Қызылорда қаласында көпірден Су торабына дейінгі учаскеде жаяу жүргіншілер жолы мен веложолдарды орналастыра отырып Сырдария өзенінің қорғаныш бөгетін бекіту» жобасы негізінде бюджеттік ұсыным енгізсін.

2.1. Арал-Сырдария бассейндік су инспекциясы РМК-ның 24.10.2025 жылғы № 28-1-2-27-1-04/1432-И хатына сәйкес Сырдария өзенінің қорғаныш бөгеттерін нығайтып бекіту жұмыстарын іске асыру үшін мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес тиісті шаралар қабылдансын.

2.2. «Қызылорда қаласында көпірден Су торабына дейінгі учаскеде жаяу жүргіншілер жолы мен веложолдарды орналастыра отырып Сырдария өзенінің қорғаныш бөгетін бекіту» жобасы негізінде *(мемлекеттік сараптаманың жұмыс жобасы бойынша 24.02.2026 жылы № 19-0056/26 оң қорытындысы негізінде)* құрылыс жұмыстарын жүргізуді қамтамасыз етсін.

3. **Қала әкімі аппаратының жұмылдыру дайындығы және аумақтық қорғаныс бөлімі** *(Б. Баймаханов)* осы комиссия отырысында берілген тапсырмалардың орындалуына бақылау орнатсын.

Қызылорда қаласы әкімінің орынбасары **А. Нұрмағанбетов**

Сканировано с CamScanner